

Ақтау қаласы және елді мекендерге "оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс орналасқан оралмандарға бір жолғы материалдық көмек төлеу Ережесін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық әкімиятының 2005 жылғы 25 тамыздағы N 1008 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментіні Ақтау қаласының әділет басқармасында 2005 жылғы 7 қыркүйекте N 11-1-11 тіркелді

"Халықтың көшіп-қонуы туралы" Қазақстан Республикасының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Зандарына сәйкес, Ақтау қаласының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге "оралмандардың қоныс аудару квотасынан" тыс орналасқан оралмандарға бір жолғы материалдық көмек төлеу Ережесі бекітілсін.

2. Маңғыстау облысы бойынша көші-қон Басқармасына (Т. Қалжанұлы) квотадан тыс қоныс аударған отбасыларға бір жолғы материалдық көмек алу үшін анықтама беруге көмек көрсету және квота алған отбасылардың тізімдерін тапсыру ұсынылсын.

3. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (К. М. Айтбатырова) Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге қоныс аударған оралмандарға бір жолғы материалдық көмектің тағайындалуы мен төленуін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г.М. Қалмұратоваға жүктелсін.

Қала әкімі

Ақтау

25.08.2005

қаулысымен бекітілген

P. Мұстапаев

қаласы

жылғы

әкімиятының

N

1008

2005 жылы Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге "оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс қоныстанған оралмандарға бір жолғы әлеуметтік көмек төлеу

ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Халықтың көшіп-қонуы туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2002 жылғы 23 қантардағы N 148 Зандарына, "Оралмандардың көшіп келу квотасынан"тыс Маңғыстау облысына қоныс аударған оралмандарға бір жолы бір рет әлеуметтік көмек төлеу Ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 223 (облыстық әділет Департаменті 2003 жылғы 21 қазанда N 1537 тіркелген) қаулысына сәйкес әзірленген және Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге

"оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс қоныстанған оралмандарға төленетін бір жолғы әлеуметтік көмек төлемі тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ереже

1. "Оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс келген оралмандарға төленетін бір жолғы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) - бұл өз еркімен "оралмандардың көші-қон квотасынан" тыс Ақтау қаласына және қала маңындағы елді мекендерге қоныстанған оралмандардың заттарын көшіру және тасымалдауға шыққан шығындардың жартылай жабуға берілетін төлем. Әлеуметтік көмек жергілікті бюджет қорынан сол жылға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

2. Әлеуметтік көмек шығының мөлшері жыл сайын алдағы жылдағы қалалық бюджет туралы қалалық мәслихаттың шешімімен белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек квотадан тыс 2005 жылы Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге тұрақты қоныстануға келген бірге тұратын 18 жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар отбасыларға көрсетіледі.

4."Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеуге үәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

5. Үәкілетті орган Қазақстан Республикасының Заң актілеріне сәйкес әлеуметтік көмектің дұрыс тағайындалуы мен төленуіне жауапты.

2. Әлеуметтік көмектің тағайындалу тәртібі

6. Әлеуметтік көмек алуға үміткер отбасы үәкілетті органға белгіленген нысандағы арызға қосымша мынадай құжаттар тапсырады:
отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар;
ата-аналарының аты-жөні әртүрлі болған жағдайда неке туралы куәлік;
тұрақты тіркеуде екендігін дәлелдейтін тұрғындарды тіркеу кітабы;
о р а л м а н к у ә л і г і ;

Маңғыстау облысы бойынша көші-қон Басқармасының арыз берген уақытта квотадан тыс қоныстанғандығын дәлелдейтін анықтамасы;
салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТН);
әлеуметтік жеке код (ЭЖК).

7. Өтініш беруші ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді .

8. Әлеуметтік көмек Ақтау қаласы және қала маңындағы елді мекендерге толық отбасы мүшелерімен көшіп келген отбасыларға кезекті түрде беріледі.

9. Үәкілетті орган өтініш берушіден қосымша құжаттармен арызды қабылдап, он бес қун ішінде әлеуметтік көмекті тағайындау немесе қабылдамау туралы шешім шығарады.

3. Қаржыландыру және төлеу

10. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге жасалынған тізім негізінде және түпкілікті жиынтық сомасымен сәйкес келген жағдайда, отбасы санын көрсетіп, ағымдағы айдың жиырма бесіне дейін қалалық қаржы бөліміне қаржыландыруға тапсырыс

жасайды.

11. Әлеуметтік көмек өтініш берушінің тұратын жері бойынша аударылады.

4. Есеп беру

12. Уәкілетті орган тоқсан сайын белгіленген нысанда жасалған есебінде Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар Департаментіне тағайындалған және төленген әлеуметтік көмек сомасы туралы мәлімдеме береді.

5. Бақылау

13. Әлеуметтік көмектің дұрыс тағайындалуы мен төленуіне бақылау Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК